



Magjan juldzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 24 (926) 18 маусым 2026 жыл

www.facebook.com/Magzhanzhuldizi <https://www.instagram.com/magzhanzhuldizi/> e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

С ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ОТКІЗДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында Үкімет мүшелері ғарыш саласының қазіргі жай-күйі, іске асырылып жатқан жобалар және даму перспективасы туралы баяндады.

Мемлекет басшысы саланың стратегиялық мәнін атап өтіп, спутниктік байланыс пен ғарыш инфрақұрылымының орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге ерекше назар аударды.

Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев экономика мен мемлекеттік басқарудың игілігі үшін спутниктік жүйелерді дамытуға, ғарыш инфрақұрылымын жетілдіруге, сондай-ақ ғарыш деректеріне негізделген қолданбалы шешімдерді енгізуге бағытталған негізгі жобаларды жүзеге асыру жөнінде мәлімет берді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, жаһандық ғарыш секторы түбегейлі өзгерді. Бұл сала тек ірі державалардың «жабық клубына» тиесілі болған дәуір артта қалды. Бүгінде жеке компаниялар байланыс, хабар тарату, навигация, ғарыш мониторингі, ғылыми зерттеулер және интернетпен қамтамасыз ету секілді қолданбалы бағыттарды белсенді түрде дамытып келеді.

Бұдан бөлек, ғарышты игеру ғылымын ілгерілету мәселелері қаралды. Әсіресе, ғылыми зерттеулерге, соның ішінде астрофизикаға қолдау көрсету қажеттігі атап өтілді. Ұлттық технологиялық және инженерлік әлеуетті нығайтудың маңызды кезеңі саналған «Бәйтерек» жобасын іске



асыру барысы оң бағаланды.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы халықаралық ынтымақтастық перспективасына тоқталып, Ресей Федерациясымен және басқа да шетелдік серіктестермен

стратегиялық ықпалдастықты дамыту қажет екенін айтты. Байқоңыр қаласы мен оған жақын аудандарда тұратын азаматтардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға мән берілді.

Президент Үкіметке ғарыш саласын жаңғыртуды және оның әлеуетін мемлекет мүддесіне тиімді пайдалануды көздейтін бірқатар нақты тапсырма берді.

С КӨКТЕМГІ-ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ - 2026

ЕГІС ДЕР КЕЗІНДЕ АЯҚТАЛДЫ

Өңірде көктемгі егіс жұмыстары толық аяқталды. Биыл өңір дикандары қысқа мерзім ішінде 4,3 млн. гектар алқапқа тұқым сеуіп үлгерді. Ауыл шаруашылығы мамандары мұны науқанның ұйымдасқан түрде өткенінің нәтижесі деп бағалап отыр.

Биылғы егіс құрылымында негізгі үлесті дөңді дақылдар алып отыр. Олар 2,9 млн. гектар жерге егілді. Соңғы жылдары сұраныс артып келе жатқан майлы дақылдардың көлемі де ұлғайып, бір миллион гектарға жетті. Сонымен қатар жем азықтық дақылдар 231 мың гектар алқапқа себілсе, көкөніс дақылдары шамамен 10 мың гектар жерді қамтыды.

Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы баспасөз қызметінің хабарлауынша, көктемгі дала жұмыстарының

уақтылы аяқталуына мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау да ықпал етті. Егіс және орақ науқандарын сапалы өткізу мақсатында шаруаларға 170 млрд. теңге көлемінде жеңілдетілген несие берілді.

Аграрлық секторды қажетті ресурстармен қамтамасыз ету мәселесіне де ерекше көңіл бөлінді. Дикандарға 59 мың тонна жанар-жағармай жеткізіліп, 360 мың тонна минералды тыңайтқыш бөлінді. Бұл егіс жұмыстарының қарқынын төмендетпей, белгіленген мерзімде

аяқтауға мүмкіндік берді.

Науқанбарысында өңір алқаптарына 12 мыңнан астам ауыл шаруашылығы техникасы жұмылдырылды. Заманауи техниканың тиімді пайдаланылуы мен шаруалардың тәжірибесі көктемгі жұмыстарды қысқа мерзімде аяқтауға жол ашты.

Енді дикандардың басты міндеті – егістікті күтіп-баптау жұмыстарын сапалы жүргізіп, күзгі жиында мол өнім алу. Мамандардың айтуынша, көктемгі науқанның табысты өтуі алдағы астық маусымына жақсы негіз қалыптастырып отыр.

Анар ЗИЯДИНА,
«Soltistik Qazaqstan».



ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫН АУДАН ӘКІМІНІҢ ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУІНЕ ШАҚЫРАМЫЗ!

Құрметті Бұлаев қаласы мен Мәдведжа ауылының тұрғындары!

Бейсенбі күні 2026 жылдың 25 маусымында Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі Рахат Назымбекұлы Смағұловтың халықпен кездесуі өтеді.

Өтетін орны: аудандық Мәдениет үйі.
Өткізу уақыты: сағат 15:00.



АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАДЫ

Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі Рахат Смағұлов азаматтарды жеке қабылдады.

Қабылдау барысында тұрғындардың әлеуметтік сала, жер қатынастары және жұмыспен қамту мәселелері бойынша өтініштері қаралды.

Барлық өтініштер бойынша тиісті түсіндірмелер беріліп, көтерілген сұрақтар бойынша шешім қабылдау үшін жауапты мамандарға тапсырмалар жүктелді.

Мағжан Жұмабаев ауданы
әкімінің баспасөз қызметі.

ШЕКАРА АЙМАҒЫНДАҒЫ ТҮРҒЫНДАР ЗАҢ ТАЛАПТАРЫН САҚТАУҒА ТИІС



Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті бастығының бірінші орынбасары – штаб бастығы Тимур Тайсенгиров және Мағжан Жұмабаев ауданы әкімі аппаратының басшысы Жаслан Қожажметов жұмыс сапарымен Қарақоға ауылдық округі және Ноғайбай би ауылдық округтеріне барып, тұрғындарымен

шекара қауіпсіздігі мәселелері бойынша кездесу өткізді. Тұрғындармен өткен кездесулер барысында мемлекеттік шекараны қорғау саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және профилактикасы бойынша кешенді шараларды іске асыру, сондай-ақ шекара маңындағы аумақта заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

Тимур Тайсенгиров кездесуге қатысушыларға шекара режимін бұзу фактілерін азайтуға бағытталған профилактикалық жұмыстар туралы ақпарат беріп, осы бағыттағы оң нәтижелерді атап өтті. Сонымен қатар, мемлекеттік шекараны қорғаудағы ерікті жасақтардың рөлі мен маңызы, олардың шекара маңындағы аумақтарды қорғауға қатысу тәртібі және құқық қорғау орган-

дарына көмек көрсететін азаматтарға қолдау көрсету шаралары түсіндірілді. Кездесулер соңында ашық диалог форматында тұрғындар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойды. Барлық өтініштер бойынша қажетті түсіндірмелер мен ұсыныстар берілді.

Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің баспасөз қызметі.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП



НАШАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – ОРТАҚ МІНДЕТ

Осыған орай, маңызды күн қарсаңында Булаев қаласының «Достық» саябағында айтулы іс-шара ұйымдастырылды.

Солтүстік Қазақстан облысы Полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының өкілдері, СҚО ПД есірткі қылмысының алдын алу Кеңесінің өкілдері, Мағжан Жұмабаев ауданының прокуратурасы мен полиция бөлімінің қызметкерлері, Мағжан Жұмабаев ауданы прокуратурасының өкілдері, СОБР арнайы бөлімшесінің қызметкерлері, СҚО ПД кинологиялық қызметі, жастар, еріктілер және аудан тұрғындары қатысты.

Іс-шарамыздың негізгі мақсаты - нашақорлыққа қарсы күресте мемлекеттің, қоғамдық ұйымдардың, құқық қорғау органдарының, білім беру

Халықаралық нашақорлыққа және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес күні жыл сайын 26 маусымда атап өтіледі. Бұл күн БҰҰ Бас Ассамблеясының 1987 жылғы шешімімен есірткісіз қоғам құру және есірткіні теріс пайдалану мәселелері туралы халықты хабардар ету мақсатында бекітілген.

мекемелерінің және әрбір азаматтың күш-жігерін біріктіру. Тек бірлескен жұмыс ғана ескелең ұрпақты бұл қауіптен қорғауға және оның толыққанды дамуы үшін жағдай жасауға қауқарлы.

Сондықтан жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау аса маңызды. Өйткені салауатты өмір салты - бұл тек зиянды әдеттерден бас тарту ғана емес. Бұл - спортты, белсенді демалысты, өзін-өзі дамытуды, шығармашылықты және алға қойған мақсаттарға қол жеткізуді саналы түрде таңдау.

Бүгінгі жастар - еліміздің болашағы, сондықтан бұл болашақтың дені сау, табысты өрі қауіпсіз болуы өте маңызды.

Іс-шарада аудан әкімі аппаратының басшысы Жаслан Қожажметов, аудандық прокуратурасының прокуроры Юлия Лебедева, аудандық полиция бөлімінің бастығы Асан Мейрамов, СҚО ПД есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі Зарина Попова, СҚО ПД есірткі қылмысын алдын алу кеңесі төрағасының орынбасары Закиржан Мамлютов сөз сөйлеп, есірткіден, темекіден және алкоголь-

ден бас тартуға, есірткі мен алкогольді ұсынушы адамдарға «ЖОҚ» деп айтуға, психоактивті заттарды қолдануға байланысты жағдайлардан аулақ болуға және өмірді, спортты, салауатты өмір салтын таңдауға шақырды.

Содан кейін жұртшылық назарына СҚО Полиция департаментінің акробатикалық тобы мен кинологиялық қызметі көрнекі өнер көрсетіп, есірткімен күресте қолданылатын іс-қимылдарды паш етті.

Іс-шара «Есірткіге «ЖОҚ!» деп айт» ұранымен «Достық» саябағынан «Jastar» стадионына дейінгі жүгіру марафонымен аяқталды. Мәреге жеткен барлық қатысушыларға су таратылып, ұйымдастырушылар тарапынан алғыс білдірілді.

МЕРЕЙТОЙ

БАТЫР АНА - 90 ЖАСТА

Ана – тіршіліктің арқауы. Өмірге саби әкеліп қана қоймай, оған тағылымды тәрбие беріп, мейірімін мен махаббатын төгеді. Мағжан Жұмабаев ауданы Ноғайбай ауылының тұрғыны, алтын құрсақты ана, бүгінде 90 жасқа келген Қыдырмина Рақыш әже — осындай ақ жаулықты аналардың бірі.

Бүгінде қара шаңырақтың алтын діңгегі болып отырған Рақыш Айкүнбекқызы 1936 жылы 15 наурызда Омбы облысы Есілкөл ауданы Атығай ауылында Шортаев Айкүнбек пен Кұлбанның шаңырағында дүниеге келген. Отбасында бір қыз бен бір ұл тәрбиеленіп өскен екен.

Әкесі 1941 жылы майданға аттанып, іс-түссіз жоғалып кеткен.

Жастайынан еңбекке ерте араласқан кейіпкеріміз қатарластары сияқты көп бейнет көрген жан. Колхоздың қара жұмысына жегіліп, масақ теріп, егін жинаған жас бала тағдырдың тауқыметін талай көрсе де, еш мойымай, қиындықпен күресе білген қайсар жан.

Ауыл шаруашылығы саласында көп жыл еңбектенген Рақыш апа Халел Қыдырминмен отбасын құрып, тату-тәтті өмір сүрген ерлі-зайыптылар 12 бала тәрбиелеп өсірген. Бүгін алтын құрсақты ана 38 немере-жиен, 25 шөбере-жиеншар көріп отырған бақытты қария.

Қарт әже «Батыр Ана» орденімен, «Алтын алқа» алқасымен, 1 және 3 дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске 65, 70 және 75 жыл» мерейтойлық медальдарымен және басқа үкіметтік наградалармен марапатталған.

Осындай құрметті қарияны құттықтау үшін Ноғайбай әл ауылдық округінің әкімі Дамир Исабаев пен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Ысқақов арнайы барып, құттықтау хатын, гүл шоқтары мен естелік сыйлық табыс етті.

- Сіздің ғибратты ғұмырыңыз – тұтас бір дәуірдің шежіресі. Балалық шағыңыз ел басына күн туған ауыр кезеңдермен тұспа-тұс келіп, жастық шағыңыз тылдағы тынымсыз еңбекпен өрілді. Сол бір қиын-қыстау жылдарда қайсарлық пен төзімнің үлгісін көрсетіп, ел игілігі жолында аянбай еңбек еттіңіз.

Саналы ғұмырыңызды ұрпақ тәрбиесіне арнап, ауыл шаруашылығында аянбай еңбек еттіңіз. Сіздің өміріңіз бен еңбегіңіз өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге екені сөзсіз. Бүгінде Сізге мықтық денсаулық, баянды бақыт, қажымас қайрат пен отбас амандығын тілейміз, - деді құрметті меймандар.

Әрдайым ұрпағына жылы сөздерін айтып, ақыл-кеңесін беріп отыратын абыз қарияға қандай құрмет жасаса да жарасымды. Бүгінде немере-шөбере сүйіп, бейнетінің зейнетін көріп отырған бақытты әже ұрпақтарының амандығын, ел-жұртының бақытты болуын тілеп, құттықтап келген жандарға алғысын білдірді.



ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

«БАЛҒЫН БОЛАШАҚТЫҢ БЕРІК ІРГЕТАСЫН ҚАЛАҒАН ЖАН»



«Қоғамның жарқын болашағы — бүгінгі балғын ұрпақтың қолында. Ал сол ұрпақтың тәрбиесі мен дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген балабақша қызметкерлерінің еңбегі әрдайым ерекше құрметке лайық. Осы жауапты салада абыртылып еңбек етіп жүрген жандардың қатарына Қарақөге ауылында орналасқан «Балапан бөбекжай-бақшасының» қастыянышасы - Бөкеләева Қымбат Сембайқызын жатқызғуға болады.

Қымбат Сембайқызы өз ісіне адал, жауапкершілігі жоғары, ерең еңбегімен ерекшеленген балабақша қызметкері.

Балабақшадағы тәртіп пен ұқыптылықты сақталуына үлес қосатын маңызды мамандардың бірі — қастыянышасы. Ол балалардың күнделікті қолданатын тәсілдерінің, сүлгілерінің, арнайы киімдерінің таза әрі толық болуын қамтамасыз етеді.

Өзісіне жауапкершілікпен қарайтын Қымбат Бөкеләева күнделікті жұмысында төсек жабдықтарын, көрпе-жастықтарды, сүлгілерді қабылдау, сақтау және уақытылы ауыстыруға,

сонымен қатар, ол кірдің жуылуын қадағалап, таза заттардың топтарға дұрыс бөлінуіне жауап береді. Бұл жұмыс балалардың денсаулығы мен гигиенасын сақтауда аса маңызды.

Қымбат Сембайқызы ұқыпты, жауапты және тиянақты жан. Қызметі де соны талап етеді. Себебі, оның жұмысы санитарлық талаптардың қатаң сақталуымен тікелей байланысты. Балабақшадағы жайлы орта мен тазалық, көбіне, осы маманның еңбегіне байланысты.

Еңбегі көзге көрінбесе де, балабақша өмірінде оның орны ерекше. Оның адал

қызметі балаларға таза, қауіпсіз әрі жайлы жағдай жасауға үлкен үлес қосады.

Осы балабақшада Қымбат Сембайқызы ашылғаннан бері қызмет атқарып келеді. Еңбек жолында көптеген марапаттарға ие болып, мекеме әкімшілігі мен әріптестері арасында құрметке ие, ұжымдық жұмыстарға белсенді қатысатын маман.

Отбасы — оның өміріндегі басты құндылықтардың бірі. Қымбат Бөкеләева үлгілі отбасында 4 баланың тәрбиелеп отырған ардақты ана, асыл әже. Отбасында ұлттық тәрбие мен адамгершілік құндылықтарды берік ұстанып, балаларына өнеге көрсетіп келеді.

Қымбат Сембайқызы биылғы жылы, зейнет жасына жетіп, құрметті демалысқа шығу алдында тұр. Қымбатты әріптесімізге көпжылғы адал еңбегі үшін алғыс айтып, әріптестері атынан ризашылығымызды білдіреміз.

«Балапан» бөбекжай-бақшасының ұжымы.

БАҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ СПАРТАКИАДА

ЖАЛПЫКОМАНДАЛЫҚ ЕКІНШІ ОРЫНДЫ ЕНШІЛЕДІ

13 маусым күні Петропавл маңындағы «Достық» балалар сауықтыру лагерінде журналистердің алдағы кәсіби мерекесіне орай Солтүстік Қазақстан облысының бұқаралық ақпарат құралдарының дәстүрлі спартакиадасы өтті.

Спорттық іс-шараны Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы мен өңірдің дене шынықтыру және спорт басқармасы ұйымдастырды. Жарысқа жеті команда қатысты: «МТРК» және «Qyzyljag» телеарналарының ұжымдары, «Солтүстік Қазақстан» газеті, «Меншікті тілшілер» құрамасы, «Районка спортивная» аудандық газеттерінің құрамасы, облыстық ішкі саясат басқармасының және «Студенттер» командасы. Спартакиадаға барлығы 100-ге жуық адам қатысты.

Жарыс спорттың бес түрінен өтті: шағын футбол, волейбол, үстел теннисі, арқан тарту және дартс. Күні бойы қатысушылар спорттық тоққуды, командалық



рухты және жеңіске деген ұмтылысты паш етті. Сонымен қатар, іс-шараның басты нәтижесі достық, өзара қолдау және кәсіби бірлік атмосферасы болды.

Жарыстың бас төрешісі Самохвалова Алена Аликовна болды. Әр спорт түрінен

төрешілікті кәсіби төрешілер алқасы қамтамасыз етті, бұл жарыстарды жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өткізуге мүмкіндік берді.

Спартакиада қорытындысы бойынша жеңіс «Меншікті тілшілер» командасына бұйырды. Олар бас жүлде -

кофе машинаны жеңіп алды. Екінші орынды «Районка спортивная» командасы иеленді, оларға су салкындатқыш берілді. «МТРК» командасы қола жүлдегер атанып, микротолқынды пешті ұтып алды. Төртінші орынды «Qyzyljag» телеарнасының

командасы иеленді.

Жалпы бұл долада Мағжан Жұмабаев, Қызылжар және Аққайын аудандарының газет қызметкерлері «Районка спортивная» құрамасын құрып, лайықты өнер көрсетті. Жарыс нәтижелері бойынша аудандардың құрама командасы футболдан I орынды жеңіп алып, волейбол, арқан тарту және үстел теннисінен күміс жүлделерді, ал дартс ойынында 4 орын иеленді. «Районка спортивная» құрамасы жалпыкомандалық есепте 2-ші орыннан көрінді.

Ұйымдастырушылар спартакиаданы дайындау мен өткізуге қолдау көрсеткен серіктестер мен демеушілерге, сондай-ақ барлық қатысушыларға белсенділігі, спорттық көзқарасы және жылы және достық атмосфераны құруға қосқан үлесі үшін шын жүректен алғыс білдіреді.

Дәстүрлі БАҚ спартакиадасы бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында медиасфера өкілдерін біріктіріп, кәсіби байланыстарды нығайта отырып, өңірдің журналистік қоғамдастығының ес күтілетін және сүйікті іс-шараларының бірі болып қала береді.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

МЕЙІРБІКЕ ЕҢБЕГІ ҚАШАНДА ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ

Педиатрия мейірбикесі - дәрігердің бағаты коллективі. Балалар өз ауруын немесе лазағыздығын ардағын сөзбен айтып жеткізе алмайды. Сондықтан бұл мамандық үшін тек медициналық білім емес, сонымен қатар бала тілін таба білетін өзінен жерек пен сезімталдығы талап етіледі.



«Балалар мейірбикесі» атанған бұл мамандық иелері - балалардың туғаннан 18 жасқа дейінгі денсаулығын бақылайтын, күтім жасайтын және емдейтін медицина маманы. Дәл осындай міндеттерді жүктелген маманның бірі - аудандық емханасында балалар бөлімшесінің учаскелік мейірбикесі Сандуғаш Бекенқызы Смағұлова.

Ол №2 педиатриялық учаскесінде 2006 жылдан бастап еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі медицина қызметкері. Ол педиатр дәрігері Жадыра Қалыбекқызы Бәкіроваға көмек көрсетіп, 0 жастан 18 жасқа дейінгі учаскедегі 980 баланың денсаулығын бақылауда ұстап келеді.

«Менің міндетім – дәрігермен бірге балаларға барлық қажетті медициналық көмек көрсету. Соның ішінде 1 жасқа дейінгі 41 баланы бақылап, үйлеріне барып тұру. Сондай-ақ учаскеде тұратын балаларды қабылдау, диспансерлік есепке қою, талдаулар тапсыруға бағыттау, тар маман иелеріне жолдау, скрининг өтуге шақыру, өртүрлі аурулардан егу алуға жәрдемдесу, деректерді медициналық базаға енгізу бойынша жұмыстар атқарамыз.

Бұл үшін біздің аудандық емхананда қажетті педиатр дәрігерлері мен мейірбикелері бар және барлық жағдай жасалған. Мәселен, емханада аудиологиялық кабинет жұмыс істейді, сонымен бірге, егу кабинеті, дені сау бала кабинеті, ана мен бала кабинеті, сүзгі және балалар тіркеу бөлімі жұмыс істеп тұр. Барлық кабинеттер заманауи медициналық құрал-жабдықпен жасақталып, бала-

лар үшін тиімді әрі ыңғайлы болу үшін жасалған», - дейді балалар мейірбикесі Сандуғаш Бекенқызы.

Қазіргі заманғы медбикелер толығымен құзыретті маман болу керек және адамгершілік, жанашырлық және адалдық сияқты қасиеттерге ие болуы керек. Сандуғаш Смағұлова дәл осындай қасиеттерге ие тәжірибелі маман деуге өбден болады. Өйткені ол бар өмірін педиатрия саласына арнаған медицина қызметкері.

Еңбек жолын сонау 1984 жылы бұрынғы Возвышен аудандық ауруханасында балалар бөлімшесінде бастаған Сандуғаш Бекенқызы - Петропавл медициналық училищесінің түлегі.

1965 жылы 12 қыркүйекте Қарағанды кеңсәрына қарасты Аралағаш ауылында дүниеге келген кейіпкеріміз медицина саласында көп жыл бойы абыройлы адал еңбек етіп, биыл құрметті зейнетке шығудың алдында тұр.

Шынында да, бұл мерейлі мейірбикенің аудандағы денсаулық сақтау саласына, соның ішінде балаларды емдеу ісіне сіңірген еңбегі орасан зор. Деніне саулық, детіне шипа бере білген ақ халатты абзал жанға алғыстан басқа айтармыз жоқ. Өйткені бұл мамандыққа әркім келе бермейді. Себебі, бұл — жүрек қалауымен ғана таңдалатын жол. Адам жанына араша түсетін, кішкентай баланың денсаулығын сақтап, одан әрі ыңғайтуға атсалысу үшін жанын салып жұмыс істейтін жандарды қалай құрметтесек те жарасады.

Бейнетінің зейнетін жасқа жақындаған бүгінгі кейіпкеріміз адал жар ғана емес, екі жиен сүйіп отырған сүйікті әже. Сандуған Бекенқызы 1993 жылы Қайрат Есмұқанұлына тұрмысқа шығып, Жанар және Айжан есімді екі қыз тәрбиелеп өсірді. Екеуіне де жоғары білім бере білген ата-ана бүгін солардың қызық-қуанышын молынан көреді.

Үйдің үлкені Жанар тұрмысқа шығып, Жәнібек есімді жігітпен шаңырақ көтерді. Осылайша, Семей қаласында тұратын жас отау сүйікті ата-аналарына немере-жиен сую бақытына иенеліп, перзенті міндеттерін лайықты орындауда. Шаңырақтың кенжесі Айжан Алматыда тұрақтап, қаржыгер атынып, банк саласында еңбек етуде. Шеберлігімен аты шыққан отағасы Қайрат Есмұқанұлы Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясында еңбек пенінен сабақ беріп, шәкірт тәрбиелеу ісіне өз үлесін қосуда.

Жасыратыныжоқ, кейде дәрігерлермен мейірбикелердің еңбегі өлеңей жатады. Бірақ, олар ешкімнен ешқандай мадақ күтпейді. Олар үшін ең үлкен марапат - науқастың жазылып, аман-есен үйіне оралуы. Содан болар бұл саланың қызметкерлері жай ғана мамандық емес, өмірге деген адалдықтың белгісі ретінде сипатталады.

Осынау атаулы — медицина қызметкері күні мерекесі қарсаңында Сандуғаш Бекенқызы тұлғасында барлық сала қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтап, қиын да жауапты қызметтеріңізге басымдыды ие отырып, жұмыстарыңызға толағай табыс, өздеріңізге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз.

ӘДЕНТІ ҚЫЗМЕТШІН – ХАЛЫҚ СЕНІМІНІҢ КЕШІЛІ

23 маусымда әлем елдерінде мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби мерекесі аталып өтіледі. Бұл туралы резолюция 2002 жылдың 20 желтоқсанында БҰҰ Бас Ассамблеясының 57 сессиясында 23 маусымда қабылданған болатын. Ал 2013 жылы ҚР Президенттің Жарлығымен елімізде бұл күн мемлекеттік қызметші күні болып бекітілді.

Осыған орай, біз өмірінің жиырма жылғын мемлекеттік қызметке арнап келе жатқан маман - Ирина Хабдурашидқызы Третьякова жайлы әңгімелекіз.

Ирина Хабдурашидқызы - Возвышен ауданы Қарағанды ауылының тумасы, ол 1980 жылы 11 сәуірде көпбалалы Оспанов Хабдурашид Қажымұратұлы мен Құлжауар Есләмбекқызының көпбалалы отбасында дүниеге келген.

Жерлересті сияқты ол Қарағанды орта мектебін тәмамдап, 1998-2003 жылдары Манаш Қозыбаеватындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде білім алған. Еңбек жолын Александровка орта мектебінде бастап, кейін «Александровское» ЖШС бухгалтер лауазымын атқарған.

Ирина Третьякова мемлекеттік қызметке 2006 жылы келіп, Александровка ауылдық округі әкімінің аппаратында бас маман бухгалтер-салықшы лауазымынан бастаған екен. 2018-2019 жылдары бас маман хатшы болып ауысып, жауапты жұмыс істеген.

Ал 2019 жылдың қыркүйегінен бастап бүгінгі күнге дейін Возвышен ауылдық округі әкімінің аппаратында бас маман қызметін атқарып келеді. Ол әкімдіктің күнделікті жұмысын, іс-қағаздарын жүргізуді, жергілікті тұрғындармен байланысты және ұйымдастырушылық шараларды қамтамасыз ететін негізгі мемлекеттік қызметші болып табылады.

Қызымы барысында Ирина Хабдурашидқызы өзін сауатты маман ретінде көрсетіп, өзінің тікелей жұмысына жауапкершілікпен қарайтын маман ретінде дәлелдеген. Иә, мемлекеттік қызметші — мемлекет пен халық арасындағы маңызды көпір. Сондықтан оның әрбір іс-әрекеті адалдық пен өділдікке негізделген. Өзінің лауазымдық міндеттерін кәсіби деңгейде, лауазымдық

нұсқаулыққа сәйкес, мұқият және бастамашы түрде орындап жүрген кейіпкеріміз әріптестері арасында құрметке ие.

Содан болар Ирина Третьякованың қажырлы еңбегі жоғары басшылық тарапынан жоғары бағаланып отыр. Мәселен, ол 2016 жылы аудан әкімінің Құрмет грамотасымен, 2018 жылы көп жылдық және адал еңбегі үшін облыс әкімінің Алғыс хатымен, 2024 жылы аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталған тәжірибелі қызметкер.

Ирина Хабдурашидқызы мемлекеттік қызметпен бірге отбасының береке-бірлігін қатар алып жүрген асыл жар. Ол 2003 жылы Александр Николаевичпен отбасын құрып, бүгін Қамыла есімді қыз тәрбиелеп өсірді.

Осы сәтті пайдалана отырып, Ирина Третьякова сияқты аудандың барлық мереке иелерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілер күнімен шын жүректен құттықтап, ел игілігі жолындағы жауапты қызметтеріңізге толағай табыс, мәртебелі істе біліктілік пен төзімділік тілеймін!



Қазақстан полициясы күні - осынау жауапты қызметті жолға қоюдың басы-қасында болған ардагерлерге және қазіргі кезде полиция сапында еңбек етіп жүрген жандарға ризашылық пен алғыс сезімін білдіру, сондай-ақ халқымыздың тыныштығы мен қауіпсіздігі жолында құрбан болғандарға құрмет көрсету күні.

ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ – САҚШЫҒА МІНДЕТ!

Қазақстан полициясы - бейбіт күніміз бен ашық аспанымыздың тыныштығын қадағалап, қоғамдағы құқықтық тәртіпті, азаматтарымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін еліміздегі аса маңызды құрылымдардың бірі.

Мағжан Жұмабаев ауданының полиция бөлімі тұтас аудан аумағын бақылап, учаскелік полиция қызметкерлері арқылы қоғамдық тәртіпті сақтауда үлкен жұмыс атқарып келеді.

Ал Мағжан Жұмабаев ауданының Чистов ауылдық округіне қарасты №18 учаскелік полиция пунктіннің қызметі қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, сондай-ақ құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алуға бағытталған.

Бұл учаскеге полиция капитаны – Асхат Әубәкіров жауапты. 2025 жылдың тамызында қызметіне кіріскен учаскелік полиция инспекторы округ аумағында аса ауыр қылмыстарға жол бермей, халық арасында алдын алу және ескерту шараларын ұдайы өткізіп тұрады.

Учаскелік полиция инспекторының күнделікті жұмысы азаматтардың өтініштері мен арыздарына ден қоюмен ғана шектелмей, профилактикалық іс-шаралар өткізуді, үй-үйді аралауды, тұрғындармен кездесулер ұйымдастыруды, заңнама талаптарын түсіндіруді және профилактикалық есепте тұрған тұлғаларды бақылауды қамтиды. Отбасылық-тұрмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, көмектете толмағандардың құқықтарын қорғауға және алаяқтықтың жолын кесуге ерекше көңіл бөлінеді.

«Атқарылып жатқан жұмыстың басты нәтижесі – азаматтардың тыныштығы мен қауіпсіздігі. Учаскелік полиция инспекторының қызметі – халық алдындағы күнделікті жауапкершілік, көмек көрсетуге әрдайым дайын болу және округтің әрбір елді мекенінде бейбітшілік пен тәртіпті, тұрғындардың амандығы мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жолындағы маңызды міндет», - дейді Асхат Маратұлы.

Асхат Әубәкіровке Чистовское ауылы а-ша тыныс, себебі, ол жергілікті мектеп жанындағы интернатта 4-ші сыныптан бастап 11-ші сынылқа дейін білім алған. Туған жері – Лесхоз ауылында мектеп қабылған соң, осы ауылда оқуға мәжбүр болған екен.

1996 жылы 16 ақпанда Марат пен Зауреш Әубәкіровтердің отбасында дүниеге келген кейіпкеріміз 2013 жылы Солтүстік Қазақстан университеті жанындағы колледже оқуға түсіп, 2015 жылы «Қаржыгер» мамандығы бойынша диплом алады.

2015 жылы жас жігіт Отан алдындағы борышын өтеу үшін Алматы облысы Жетіген кентінде орналасқан Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінде қызмет атқарған. 2016 жылы кіші сержант атағымен үйіне оралып, бірден мемлекеттік күзет қызметі басқармасының Мағжан Жұмабаев ауданындағы взводына жұмысқа кіреді. Бұл мекеме аудан аумағында орналасқан стратегиялық маңызы бар объектілерді қорғауды қамтамасыз етеді.

2016-2019 жылдары Алматы қаласындағы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Құқықтану» мамандығы бойынша сырттай оқып, жоғары білімге қол жеткізеді. Осы жылы сақшы аудандық полиция бөліміне ауысып, тергеуші қызметін атқарады.

Аға тергеуші лауазымына дейін көтерілген Асхат Әубәкіров 2023 жылы ауданның оңтүстігінде орналасқан Молодогвардейское ауылдық округіне учаскелік полиция инспекторы болып ауаасды. Мұнда жүктелген міндеттерді абыроймен атқарып, басшылық тарапынан қойылған тапсырмаларды бұлжытпай орындайды.

Осылайша, 2025 жылы ол Чистов ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы болып тағайындалады. Жұырда басшылық ісіне адал, міндетіне жауапты сақшыға «Skoda Superb» автокөлігі табыс өтіп, үлкен сенім артып отыр.

«Округтегі тыныштық пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды факторы – жергілікті атқарушы органдармен, мекеме басшыларымен, қоғам өкілдерімен және тұрғындармен тығыз ынтымақтастық орнату болып табылады», - дейді Асхат Маратұлы.

Шынында да бірлескен жұмыстың арқасында туындаған мәселелер дер кезінде анықталып, шешімін тауып, жедел жағдайдың тұрақтылығы сақталып, халықтың полицияға деген сенімі нығайтыны сөзсіз. Сондықтан Асхат Әубәкіров кез келген жауапты міндетті ортақ шешуге тырысады.

Құқыққорғау органдарындағы 7 жылға жуық қызметінде облыс пен аудан әкімінің, облыстық полиция департаменті мен аудандық полиция бөлімі басшыларының Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапатталған. Сондай-ақ оған «Тергеу қызметіне 60 жыл» мерейтойлық төсбелгісі мен ата-анасына Алғыс хат табыс етілген.

Полицейдің жұбайы — қызметкердің ішкі сенімділігі мен жан тыныштығының кепілі. Ол қиын жұмыс кестесі мен қауіпті міндеттерді еңсерудегі басты тірек, үйдің берекесі мен жылылығын сақтаушы және қызметтегі жетістіктерге дем беруші. Сондықтан Асхат Жұбайы Бақытқа Айрау мен Аиша есімді қыздарының тәрбиесін сеніп тапсырып, өзі болса, туған жері үшін қалқисыз қызмет атқарауда.

Ендіше, бүгінгі кейіпкеріміз қызмет ететін аудандық полиция бөлімінің жұмысын келе жатқан Полиция күнімен құттықтап, елімізге тыныштық, еңбектеріне табыс, отбасыларына амандық тілейміз.

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ - МЕМЛЕКЕТ ТІРЕГІ



17 маусым күні «Достық» сабағында «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының аудандық кезеңі ұйымдастырылып, онда алты отбасы бағ сыйды. Ғе-шараның мақсаты - отбасылық құндылықтарды насихаттау, өнегелі және үлгілі отбасыларды дәріптеу, ұрпақтың сабиқтасығын нығайту, қосалдысы отбасы институтының мәртебесін арттыру.

Отбасы мүшелерінің жетістіктері мен рухани адамгершілік құндылықтарын отбасылық дәстүрлермен, ата-аналардың үлгісін анықтайтын, еңбектерін, өмір сүру салтымен отбасының қоғамдағы алатын орнын ескере отырып «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша белсенді қатысушылар анықталды. Ал жалпы өткізіліп келе жатқан 12 жыл ішінде аталмыш байқауға 60 жануа қатысқан екен.

Іс-шараға жиналған жұртшылықты аудан өкімінің орынбасары Абай Қазисов құттықтап, қоғамдағы отбасының рөлі орасан зор екенін атап өтті.

- Құрметті жерлестер, қадірлі отбасылар, ардақты ағайын!

Баршаныңды Ұлттық «Мерейлі отбасы» конкурсының аудандық кезеңінің қорытындылау рәсімімен шын жүректен құттықтаймын!

Отбасы – қоғамның негізі, ұлттық құндылықтардың алтын бесігі. Ата-ананың өнегесі мен тәрбиесі арқылы ұрпақ бойына адамгершілік, еңбекқорлық, отансүйгіштік қасиеттер сіңіріледі. Сондықтан мемлекетіміз отбасы институтын нығайтуға ерекше көңіл бөліп келеді.

Отбасыларыңызға амандық, бақ-береке, ынтымақ пен татулық тілеймін! Шаңырақтыңыз биік, керегелеріңіз кең, мерейлеріңіз үстем болсын, - деді Абай Серікұлы.

Дүниеге саби келтіріп, дені сау, рухы мықты, білімі терең ұрпақ тәрбиелейтін отбасы көбейе түссе, мемлекетіміздің іргесі мықты болып, ортақ шаңырағымыз шаттық пен бақытқа, ырыс-ынтымаққа тола бермек. Отбасы бақытының құпиясы – татулық. Ендеше, бұл байқауға қатысып отырған әулеттерге жеке-жеке тоқталсақ.

ӘБІЛҚАСЫМОВТАР ОТБАСЫ

Бұл отбасы 46 жыл бұрын құрылған. Әбілқасымовтар отбасы – Булаево қаласында тұрады. Отбасының отағасы – Әбілқасымов Сансызбай Ермеқұлы жұбайы Әбілқасымова Мәдина Шәмелқызыммен 46 жыл бірге өмір сүріп келеді. Отбасында 4 қыз және 1 ұл тәрбиеленіп өсті.

Әбілқасымов Сансызбай Ермеқұлы адал еңбегі, жоғары кәсібилігі және қызметтік міндеттеріне жауапкершілікпен қарағаны үшін «Құрмет грамотасымен» марапатталған. Марапат Қазақстан Республикасының Отан қорғаушылар күніне орай табысталып, оның еңбек жетістіктерін, кәсіби біліктілігін және өз ісіне деген адалдығын мойындаудың белгісі болып табылады.

Ата-анасымен бірге ұлы – Әбілқасымов Асхат Сансызбайұлы және оның жұбайы – Әбілқасымова Гүлдіра Тыштықбайқызы тұрады. Жас отбасы ата-аналарымен бірге 15 жылдан бері бір шаңырақ астында өмір сүріп келеді. Олардың үш баласы бар.

Отбасы жағымды мінездемеге ие.

Отбасы мүшелерінің арасында өзара түсіністікке, қолдауға және бір-біріне қамқорлық көрсетуге негізделген сыйластық пен жылы қарым-қатынас қалыптасқан. Отбасында ұлттық және отбасылық дәстүрлер мен құндылықтар сақталып, бірге өмір сүруге және өскелең ұрпақты тәрбиелеуге қолайлы, берекелі орта қалыптасқан.

СӘЛІМОВТАР ОТБАСЫ

Ерлі-зайыптылар 22 жылдан бері занды некеде тұрып келеді. Осы уақыт ішінде олар берік әрі бақытты отбасын құрып, өнегелі балалар тәрбиелеп, айналасындағылардың құрметіне ие болды. Сәлімов Сабит Айтубайұлы мен Бәкірова Жадыра Қалыбекқызы балаларымен бірге Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданының Булаево қаласында тұрады. Бұл отбасы өзара сыйластыққа, сенімге және отбасылық құндылықтарға негізделген тату, берекелі әрі үлгілі отбасы болып саналады.

2023 жылдың қараша айында отбасы еңбек ресурстарын қоныстандыру және мамандарды тарту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама аясында Шымкент қаласынан Солтүстік Қазақстан облысының Булаево қаласына қоныс аударған. Бәкірова Жадыра Қалыбекқызы педиатр дәрігер болып қызмет атқарады. Сәбит Айтубайұлы да денсаулық сақтау саласында еңбек етіп, өз кәсіби міндеттерін адал атқарып, медицина саласының дамуына елеулі үлес қосып келеді.

Ерлі-зайыптылар бес бала тәрбиелеп отыр. Олар балаларының білім алуына, адамгершілік тәрбиесіне және жан-жақты дамуына ерекше көңіл бөледі. Отбасында өзара түсіністік, сыйластық және бір-біріне қамқорлық көрсету атмосферасы қалыптасқан. Бұл отбасы кәсіби жетістіктер мен отбасылық берекені, балаға деген сүйіспеншілік пен өз ісіне адалдықты үйлестіре білген үлгілі жанұяның жарқын мысалы болып табылады.

ТАМАШОВТАР ОТБАСЫ

Тамашовтар отбасы Бәйтерек ауылында тұрады және тату, еңбекқор әрі берекелі отбасының үлгісі болып табылады.

Отағасы – Тамашов Азамат Қонысбекұлы. Ол ұзақ жылдар бойы учаскелік полиция инспекторы қызметін атқарып келеді. Еңбек жолын Птропаев қаласында бастап, кейін отбасымен бірге Бәйтерек ауылына қоныс аударып, қазіргі уақытта да өз қызметтік міндеттерін адал әрі жауапкершілікпен орындауда. Жұбайы

– Тамашова Ботагөз Балташқызы. Ол Фурманов орта мектебінің даярлық сыныбында тәрбиеші болып жұмыс істейді.

Отбасында төрт бала тәрбиеленуде: екі қыз және екі ұл.

Отбасында өзара түсіністік, сыйластық пен қолдау атмосферасы қалыптасқан. Ата-аналар балаларының тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, олардың бойына еңбекқорлықты, жауапкершілікті және білімге деген құштарлықты сіңіруде. Отбасы салауатты өмір салтын ұстанады, мектеп өміріне және ауылдың қоғамдық іс-шараларына белсенді қатысады.

ЕЛУБАЕВТАР ОТБАСЫ

Елубаевтар отбасы – өзара сыйластыққа, сүйіспеншілікке және отбасылық құндылықтарға негізделген тату әрі берік жанұя.

Отағасы – Елубаев Сатыбек Фазылұлы жұбайы Елубаева Гүлден Сабырқызымен 22 жылдан бері бірге өмір сүріп келеді. Бірлескен өмір жылдары ішінде ерлі-зайыптылар өзара түсіністікке, қолдауға және жауапкершілікке негізделген берекелі отбасылық орта қалыптастырған.

Бүгінде отбасы Надежда ауылында тұрады. Ерлі-зайыптылар балаларын үлкендерді құрметтеуге, еңбекқорлыққа, адалдыққа және туған жерге деген сүйіспеншілікке баулып тәрбиелеуде. Отбасында үш қыз тәрбиеленіп өсіп келеді.

Елубаевтар отбасы ауыл тұрғындарының арасында құрметке ие, өнегелі өмір салтын ұстанады, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысады және тату, ұйымшыл әрі үлгілі отбасының жарқын үлгісі болып табылады.

ОРАЛОВТАР ОТБАСЫ

Отбасылық өмірінің өтілдері – 8 жыл. Оралов Самат Сапарұлы мен жұбайы Оралова Наурызгүл Қарақоға ауылында тұрады. Самат Сапарұлы Қарақоға орта мектебінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейді. Жұбайы Наурызгүл - Чистое ауылының фельдшерлік-акушерлік пунктінде фельдшер қызметін атқарады. Отбасында екі бала тәрбиеленуде.

Қыздары Кәусар Қарақоға орта мектебін 2-сынып оқушысы, оқу орнында өзін жақсы жағынан көрсетіп келеді. Кіші қызы Ажар Қарақоға ауылындағы «Балапан» бөбекжай-балабақшасына барады. Ораловтар отбасы өнерлі әрі еңбекқорлығымен ерекшеленеді. Ауыл тұрғындарымен қарым-қатынастары жақсы, сыйластыққа негізделген.

Тұрғылықты жері бойынша отбасы тек оң жағынан сипатталады.

ИСЕКОВТАР ОТБАСЫ

Исековтар отбасы Мағжан Жұмабаев ауданы, Құралай ауылында тұрады. Шаңырақ иесі — Исеков Болат Халелұлы, жұбайы Исекова Анар Маратқызымен бірге 22 жыл бойы тату-тәтті өмір сүріп, өнегелі отбасы болып келеді. Суреттей сырбаз ерлі-зайыптылар тәрбиелі 4 қыз өсіріп отыр. Бұл шаңырақта отағасының анасы — «Күміс алқа» иегері, ардақты көпбалалы ана Дамили Исекова бірге тұрады.

Үлкен қызы, Халел Ақерке — СҚО Полиция департаментінің қызметкері. Ол еңбекқорлықтың, жауапкершіліктің және білімге деген құштарлықтың жарқын үлгісі. Колледжде «Шет тілдері» мамандығы бойынша үздік тәмамдаған Ақерке спортты серік етіп, ат спортымен кәсіби түрде айналысады және спорттық жарыстарда биік белестерді бағындырып жүр.

Екінші қызы, Халел Жәніел — Астана қаласындағы Қ. Құлжанов атындағы Қазақ технология және бизнес университетінің колледжінде білім алуда. Жәніел түрлі зияткерлік және шығармашылық байқауларға белсене қатысып, республикалық деңгейде жүлделі орындарға ие болып келеді.

Үшінші қызы, Халел Инжу — Красно-казахстан негізгі орта мектебін бітіріп, колледжге түсуге дайындалуда. Инжу де облыстық, республикалық конкурстардың белсенді қатысушысы әрі жүлдегері.

Кенже қызы, Халел Кәусар — биыл осы Красноказахстан мектебінің 1-сыныбына қадам басады.

Айта кетерлігі, балалардың төгі үлкен аталары — Халел Исековтің өсімімен байланысты. Үлкен ұрпаққа деген шексіз құрмет пен отбасылық дәстүрді сақтау белгісі ретінде қыздарының барлығы «Халел» тегін мақтанышымен алып жүр.

Ауданымызда отбасыларды татулық пен бірлікке үгіттеп, ынтымақтастық пен ауызбіршілікке шақыратын «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының аудандық кезеңінің марапаттау рәсімі өтті.

Өнегелі құндылықтарды жаңғыртып, отбасы мәртебесін жоғарылатуды мақсат тұтқан «Мерейлі отбасы» байқауы 2013 жылы басталған. Осы конкурстың аудандық кезеңінен құжаттары мен еңбек нәтижелері талаптарға сай, қоғамдық өмірдегі қол жеткізген табыстары мен еңбектері елеулі екі отбасы облыстық кезеңге жолдама алып, өз өнерлерін үлкен өңірде көрсету мүмкіндігіне ие болды.

Еркебұлан ЕЛУБАЕВ,
«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының аудандық комиссия мүшесі.

ТЖБ ЕСКЕРТЕДІ

МАМАН КЕҢЕСІ

АУДАНДА РЕСМИ ШОМЫЛУ ОРНЫН АШУҒА ДАЙЫНДЫҚ ЖҮРГІЗІЛУДЕ



Аудан әкімі Рахат Смағұловтың тапсырмасын орындау аясында ресми шомылу орнын ұйымдастыру және ашу бойынша кешенді дайындық шаралары жүргізілуде. Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Төтенше жағдайлар департаментінің жедел құтқару жасағының қызметкерлері су айдынының түбін сүңгуірлік тексеру және тазалау жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ мамандар жағалауға

іргелес аумаққа санитарлық және техникалық нормаларға сәйкестігі бойынша егжей-тегжейлі тексеру жүргізді. Жүргізілген тексеру қорытындысы бойынша сараптамалық қорытындылар дайындалады. Олардың негізінде аудан басшылығы жағайды одан әрі абаттандыру және оны белгіленген заң тәртібімен ресми түрде ашу туралы тиісті тапсырмалар береді.

БЕЛГІЛЕНБЕГЕН ЖЕРДЕ СУҒА ТҮСУГЕ БОЛМАЙДЫ



Аудан аумағында суға түсуге ресми түрде рұқсат етілген және арнайы жабдықталған орындар жоқ. Барлық көлдер мен техникалық қазаншұңқырлар суға шомылуға бейімделмеген және азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді. Су айдындарының басым бөлігінде ескерту және суға түсуге тыйым салатын белгілер орнатылған. Өкінішке қарай, кейбір азаматтар бұл белгілерді бұзды немесе алып тастап, өздерінің ғана емес, айналасындағылардың да өміріне қауіп төндірді.

Естеріңізге саламыз, жабдықталмаған және суға түсуге тыйым салынған орындарда шомылу су айдындарындағы қауіпсіздік талаптарын бұзу болып табылады және өкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 412-бабына сәйкес, су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларын бұзу немесе орындамау жеке тұлғаларға 7 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауды, өз өміріңіз бен денсаулығыңызды қауіп-қатерге тікпеуді, сондай-ақ орнатылған ескерту белгілеріне ұқыпты қарауды сұраймыз. Судағы қауіпсіздік қағидаларын елеулеу қайғылы жағдайларға алып келуі мүмкін екенін ұмытпаңыздар. Өзіңізді және жақындарыңызды сақтаңыздар!

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫН ҚАЛАЙ ДҰРЫС ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕРЕК

Жазғы каникул кезеңі – балалардың денсаулығын нығайтуға және ағзаны сауықтыруға қолайлы уақыт. Дұрыс ұйымдастырылған демалыс баланың физикалық жағдайына, эмоциялық дамуына және жан-жақты дамуына оң әсер етеді.



Осы кезеңде санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау балалардың жазғы демалысын қауіпсіз әрі тиімді өткізуге мүмкіндік береді. Барлық балаларды сауықтыру ұйымдары халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнама талаптарына қатаң сәйкес болуы тиіс. Санитариялық және гигиеналық нормаларды сақтау – олардың қызметінің міндетті шарты. Жазғы маусым басталғанға дейін әрбір лагерь санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алуы қажет. Бұл құжатсыз балаларды қабылдауға жол берілмейді. Балалардың тұру жағдайларына ерекше назар аударылуы тиіс. Лагерь аумағы қоршалған болуы, ауыз су және ыстық сумен үздіксіз қамтамасыз етілуі, көріз жүйесі, жарықтандыру және желдету жүйелері болуы қажет. Барлық үй-жайлар таза ұсталуы тиіс. Күнделікті тазалау жұмыстары рұқсат етілген жуғыш және дезинфекциялық құралдарды қолдану арқылы жүргізіледі. Жиһаз бен жабдықтар балалардың жас ерекшеліктеріне және қауіпсіздік талаптарына сәйкес болуы қажет. Тамақтануды ұйымдастыру маңызды рөл атқарады. Балалар лагерінде тамақтану күніне бес рет, теңгерімді және балалардың физиологиялық қажеттіліктеріне сай болуы тиіс.

* үй-жайлардың, аумақтың, шомылу және спорт алаңдарының дайындығын тексереді;
* белгіленген үлгідегі медициналық анықтамалары бар балаларды қабылдайды;
* балалардың денсаулық жағдайын тұрақты бақылауда ұстайды;
* қызметкерлердің, оның ішінде ас блогы қызметкерлерінің медициналық тексеруден өтуін қадағалайды;
* күн сайын санитариялық жағдай мен тамақ сапасын бақылап отырады.
Балалардың қауіпсіздігі санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына тікелей байланысты. Сондықтан сауықтыру ұйымдарында балалардың денсаулығы мен әл-ауқатына қауіп төндірмейтіндей тұру, тамақтану және медициналық қызмет көрсету жағдайлары қамтамасыз етілуі тиіс.

Күлсара ӘЛЖАНОВА,
Мағжан Жұмабаев ауданы
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
бас маманы.

ЖЫЛҚЫ АУРУЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ: ТҰМАУ ЖӘНЕ РИНОПНЕВМОНИЯ

Жылқылардың ринопневмониясы (Rhinopneumoniae equorum) — жылқылардың қысқа мерзімді безгекпен, енжарлықпен, мұрын қуысы мен конъюнктиваның шырышты қабығының қатаралды қабынуымен және буаздықтың екінші жартысындағы түсік тастаумен сипатталатын өткір жұқпалы ауруы.



Жылқылардың ринопневмониясы да вирустық инфекцияларға жатады. Ауру тыныс алу мүшелерін зақымдайды, ал буаз биелерде түсік тастаудың себебі болуы мүмкін. Бұл инфекцияға көбінесе жас мал өте сезімтал келеді. Ауру ауа-тамшылары арқылы, сондай-ақ жұқпалы жануарлармен жанасқанда таралады. Жылқылардың тұмауы — бұл жануарлар арасында тез таралатын, жоғары контагиозды (өте жұқпалы) вирустық ауру. Аурудың негізгі белгілері — дене температурасының көтерілуі, енжар күй, тәбеттің жоғалуы, құрғақ жөтел және мұрыннан сұйықтық ағуы. Ауру жануарлардың жұмысқа қабілеттілігін төмендетеді және ауыр асқынуларға әкеп соғуы мүмкін. Тұмау мен ринопневмонияның алдын алудың негізгі әдісі — уақытылы вакцинациялау. Вакцинация тұрақты иммунитеттің қалыптасуына ықпал етеді және аурулардың пайда болу мен таралу қаупін айтарлықтай төмендетеді. Ветеринариялық-санитарлық талап-

тарды сақтау, қора-жайларды жүйелі түрде дезинфекциялау, жануарларды толыққанды азықтандыру және тиісті жағдайда ұстауды қамтамасыз ету де маңызды алдын алу шаралары болып табылады. Жылқыларды сатып алу немесе орны ауыстыру кезінде карантиндік шараларды сақтау қажет. Ауру белгілері — дене қызуының көтерілуі, жөтел, мұрыннан сұйықтық ағуы, жемишпен бас тарту немесе жалпы енжарлық байқалған жағдайда — дереу ветеринариялық маманға хабарласу қажет. Ауруды уақытылы анықтау оның әрі қарай таралуын болдырмауға және мал басының денсаулығын сақтауға мүмкіндік береді. Алдын алу шараларын сақтау және ветеринария мамандарының ұсынымдарын орындау жұқпалы аурулардың алдын алудың және жануарлардың амандығын сақтаудың сенімді негізі болып табылады.

Г.К. ИСЕНОВА,
ветеринариялық фельдшер.

АЛАЯҚТАРДАН ӨЗІҢІЗДІ ҚОРҒАҢЫЗ



Алаяқтар Сіздің ұялы телефоныңызға қоңырау шалып, өздерін банк қызметкері деп таныстыра алады. Сөйлесу кезінде Сізді "HotToDesk", "RustDesk", "AnyDesk", "TeamViewer" қосымшаларын жүктеуге көндіруге тырысады



TeamViewer



AnyDesk



RustDesk



HotToDesk

АЛАЯҚТАРДЫҢ БЕРГЕН НҰСҚАУЛАРЫН ОРЫНДАМАҢЫЗДАР!



Сізге қатысты алаяқтық жасалған жағдайда шұғыл түрде 102 телефонына хабарласыңыз.

МҮЛІКТІ ҚОРҒАУ — ӘР АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҒЫ

Қазақстан Республикасының заңына сәйкес азаматтардың мүлкі қорғалады. Өз мүлкіңізді қорғаңыз:
* сенімді құлпытар мен дабыл жүйесін орнатыңыз
* кілттерді бөгде адамдарға бермеңіз
* құжаттарды қауіпсіз жерде сақтаңыз
* үйде және жұмыста қауіпсіздік

ережелерін сақтаңыз
Ұрлық немесе мүлікке зиян келтірілген жағдайда: 102 нөмірі бойынша полицияға хабарласыңыздар!
Қауіпсіздік — жауапкершілік пен ұқыптылықтан басталады.
Мағжан Жұмабаев ауданының полиция бөлімі.



Дүйсенбі, 22 маусым	Сейсенбі, 23 маусым	Сәрсенбі, 24 маусым	Бейсенбі, 25 маусым	Жұма, 26 маусым	Сенбі, 27 маусым	Жексенбі, 28 маусым
QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАН. 05.35 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 06.10 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 07.00 ТАҢШОЛПАН. 09.00, 15.55 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 10.10, 18.00 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 12.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 14.15 «АПТА». 14.55 «АҚОРДА». 15.10, 01.30 САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ! 15.40, 01.50, 04.50 ФУТБОЛ. 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЬ». 21.25 Т/Х «МЫҢ ҮӘДЕ». 22.20, 04.05 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН.	QAZAQSTAN 06.55 ӘНУРАН. 07.00 «ТАҢШОЛПАН». 09.00, 15.55 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 14.15 «ҚР ӘКІМШІЛІК АУМАҚТЫҚ ТҮТАСТЫҚ ТУРАЛЫ» КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ ЗАҢЫ». 14.25 САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ! 15.40, 00.50, 03.50 ФУТБОЛ. 17.20, 03.05 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.25, 00.40 АҚША ӨЛШІПЕСІ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЬ». 21.25 Т/Х «МЫҢ ҮӘДЕ». 22.20 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН.	QAZAQSTAN 06.00 ӘНУРАН. 06.05 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 07.00 «ТАҢШОЛПАН». 09.00, 15.55 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 14.15 МӨРТЕБЕЛІ АСТАНА. 14.30 PRIME ERA. 14.55, 05.00 САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ! 15.40, 23.30, 02.50 ФУТБОЛ. 17.20, 03.05 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЬ». 21.25 Т/Х «МЫҢ ҮӘДЕ». 22.20 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 FIFA WORLD CUP 2026.	QAZAQSTAN 05.00 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 05.50, 15.40, 00.50, 03.50 ФУТБОЛ. 08.00 «ТАҢШОЛПАН». 09.00, 15.55 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 14.15 ТАЗА САНА. 14.50 Д/Ф. 15.25 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ!». 17.20, 03.05 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.25, 00.40 АҚША ӨЛШІПЕСІ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЬ». 21.25 Т/Х «МЫҢ ҮӘДЕ». 22.20 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН.	QAZAQSTAN 06.00 ӘНУРАН. 06.05 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 06.50, 15.40, 23.30, 04.50 ФУТБОЛ. 09.00, 15.55 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.35 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 14.15 QAZAQ CREATIVE. 14.50, 03.40 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ!». 17.20, 04.05 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЬ». 21.25 Т/Х «МЫҢ ҮӘДЕ». 22.20 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 FIFA WORLD CUP 2026. БОСТОН 02.00 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 03.05 Д/Ф.	QAZAQSTAN 07.00 ӘНУРАН. 07.05 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 07.50, 14.15, 01.50, 04.20 ФУТБОЛ. 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 БІРЛІК ФОРМУЛАСЫ. 12.15 КОНЦЕРТ. 14.30 М/Ф «АЛҒА». 16.00 «ЖҰМБАҚ ҚЫЗ», Х/Ф. 17.40, 01.20 «ҚОС ПАЛАТА». 20.00, 01.05 АҚПАРАТ. 20.15 «ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ». 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЬ». 21.25 «ҚАЙЫРЛЫ КЕШ». 23.05 «ІП МАН», Х/Ф. 04.00 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ.	QAZAQSTAN 06.30 ӘНУРАН. 06.35, 09.00, 23.10 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 06.50, 13.50, 23.50 ФУТБОЛ. 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 «ҚАЙЫРЛЫ КЕШ». 14.05 М/Ф «АЛҒА». 15.35 «ІП МАН», Х/Ф. 17.40 «АҚОРДА». 20.00, 02.00 АПТА. 20.40 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЬ». 21.35 «ЖҰМБАҚ ҚЫЗ», Х/Ф.

Дүйсенбі, 22 маусым	Сейсенбі, 23 маусым	Сәрсенбі, 24 маусым	Бейсенбі, 25 маусым	Жұма, 26 маусым	Сенбі, 27 маусым	Жексенбі, 28 маусым
ХАБАР 05.00, 00.30 Т/Х «ПАРФЮ-МЕРША». 07.00 ОЯН! 09.00 КӨЗҚАРАС. 09.30 ӘЛЕУМЕТ. 10.00 Т/Х «ЭШРЕФТИЦ АРМАНЫ». 12.00, 21.35 COVER SHOW. 14.00 Д/Ф. 14.45 «ВЫЗОВ», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 «БОЙДАҚ КҮЙЕУ», Х/Ф. 22.00 КЕШРЕС. 23.00 «КРАСОТКИ В БЕГАХ», Х/Ф. 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 Т/Х «КАК ВЫЙТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА». 07.00 ОЯН! 09.00, 14.00 М/Ф. 09.30 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 10.00 Т/Х «ЭШРЕФТИЦ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАУ. 15.30 «КРАСОТКИ В БЕГАХ», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 «ЕССІЗ РАШЫҚ», Х/Ф. 21.20 COVER SHOW. 22.00 КЕШРЕС. 23.00 «МОЯ СЕМЬЯ ТЕБЯ УЖЕ ОБОЖАЕТ», Х/Ф. 00.30 Т/С «ЧУЖАЯ МИЛАЯ». 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 Т/Х «КАК ВЫЙТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА». 07.00 ОЯН! 09.00, 14.00 М/Ф. 09.30 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 10.00 Т/Х «ЭШРЕФТИЦ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАУ. 15.30 «МОЯ СЕМЬЯ ТЕБЯ УЖЕ ОБОЖАЕТ», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 «ХАМ КАФЕ», Х/Ф. 21.25 COVER SHOW. 22.00 КЕШРЕС. 23.00 «ДОЧЬ ЗЕМЛЕКОПА», Х/Ф. 01.00 Т/С «ЧУЖАЯ МИЛАЯ». 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 Т/Х «КАК ВЫЙТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА». 07.00 ОЯН! 09.00, 14.00 М/Ф. 09.30 НЕОСЕТЬ. 10.00 Т/Х «ЭШРЕФТИЦ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАУ. 15.00 «ДОЧЬ ЗЕМЛЕКОПА», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 «НВИ АҒАЙ», Х/Ф. 21.35 COVER SHOW. 22.00 КЕШРЕС. 23.00 «МОЯ ВТОРАЯ ПОЛОВИНКА», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 Т/Х «КАК ВЫЙТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА». 07.00 ОЯН! 09.00, 14.00 М/Ф. 09.30 АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ. 10.00 Т/Х «ЭШРЕФТИЦ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАУ. 15.00 «МОЯ ВТОРАЯ ПОЛОВИНКА», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 «МОЯ БОЛЬШАЯ КАЗАХСКАЯ СЕМЬЯ», Х/Ф. 21.40 «МОЯ БОЛЬШАЯ КАЗАХСКАЯ СЕМЬЯ: ОПЕРАЦИЯ «БАЖУХИ», Х/Ф. 23.00 «ПУТЬ ДОМОЙ», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 Т/Х «КАК ВЫЙТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА». 07.00 АЛҒАШҚЫ. 08.00, 18.30 КОНЦЕРТ. 09.20 М/Ф. 10.40 М/Ф «ПОБЕГ ИЗ КОСМОСА». 12.15 «ПУТЬ ДОМОЙ», Х/Ф. 14.00 XXI ФАСЫР ҚОШБАСШЫСЫ. 15.15 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 20.00 COVER SHOW. 22.00 «РОБОКОП», Х/Ф. 00.00 РОЗА ӘЛҚОЖА МЕН ӨБДІЖАШПАР ӘЛҚОЖАНЫҢ ӨН КЕШІ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 Т/Х «КАК ВЫЙТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА». 07.00 АЛҒАШҚЫ. 08.00, 18.15 КОНЦЕРТ. 09.40 АЗАМАТ. 10.45 ӨМІР ӨРНЕГІ. 12.00 «РОБОКОП», Х/Ф. 14.00 «НАЗД К ДИНОЗАВРАМ», Х/Ф. 15.15 БАЛАМ ҮШІН. 15.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 20.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.15 «СИДНИ УАЙТ», Х/Ф. 23.00 ШӘМШІ. ҚАЛДАЯҚОВТЫҢ ӨН КЕШІ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 22 маусым	Сейсенбі, 23 маусым	Сәрсенбі, 24 маусым	Бейсенбі, 25 маусым	Жұма, 26 маусым	Сенбі, 27 маусым	Жексенбі, 28 маусым
ЕВРАЗИЯ 06.00, 03.45 «П@УТИНА». 07.25, 09.45, 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.35, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.35, 10.50, 14.25 НОВОСТИ. 08.50 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.05 Т/С «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА-4». 13.15 АНАЛИТИКА. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.25 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 «ЗАКОНЫ ЖИЗНИ». 20.55 Т/С «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ-15». 02.05 Т/С «ПРОТИВО-СТОЯНИЕ».	ЕВРАЗИЯ 06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.25, 09.40, 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.30, 10.45, 14.25 НОВОСТИ. 08.45 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 09.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА-5». 13.05 Т/С «ПРИНЦ СИБИРЬ». 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.05 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ-15». 01.45 Т/С «ПРОТИВО-СТОЯНИЕ». 03.20 ҚАЙМАҚ.	ЕВРАЗИЯ 06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.25, 09.40, 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.30, 10.45, 14.25 НОВОСТИ. 08.45 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 09.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА-5». 13.05 Т/С «ПРИНЦ СИБИРЬ». 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.05 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ-15». 01.45 Т/С «ПРОТИВО-СТОЯНИЕ». 03.20 ҚАЙМАҚ.	ЕВРАЗИЯ 06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.25, 09.40, 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.30, 10.45, 14.25 НОВОСТИ. 08.45 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 09.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА-5». 13.05 Т/С «ПРИНЦ СИБИРЬ». 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.05 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ-15». 01.45 Т/С «ПРОТИВО-СТОЯНИЕ». 03.10 ҚАЙМАҚ.	ЕВРАЗИЯ 06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.25, 09.40, 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.30, 10.45, 14.25 НОВОСТИ. 08.45 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 09.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА-2». 13.05 Т/С «ПРИНЦ СИБИРЬ». 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.25 Т/С «НАРУШЕНИЕ ПРАВИЛ». 03.10 ҚАЙМАҚ.	ЕВРАЗИЯ 06.00, 03.45 П@УТИНА. 06.55 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 07.25 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 07.55 Х/Ф. 10.00 «ПОД КАБЛУКОМ», Х/Ф. 15.00 «QOSLIKE». 17.45 «МҮШЕЛ ЖАС», Х/Ф. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.35 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 21.00 Т/С «КРАСНЫЙ ЯР». 01.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	ЕВРАЗИЯ 06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.35 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 08.05 М/Ф. 08.55 «НЕНОРМАЛЬНЫЙ», Х/Ф. 11.05 ЗАКОНЫ ЖИЗНИ. 11.25, 15.10 «ПОД КАБЛУКОМ», Х/Ф. 14.00 «ГОВОРИМ О ГЛАВНОМ». 17.55 «СОНАТА ДЛЯ ГОРНИЧНОЙ», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.50 «АНЫҚТАЙМЫЗ Р. ОТЕВАНМЕН». 21.50 «КРАСНЫЙ ЯР», Х/Ф. 02.40 «ЧТО? ЕД? КОГДА?».

- Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға қазақ жанына/үйлесетін негізде құра білсеқ, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады.

Мағжан ЖҰМАБАЕВ.



ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

**Құрметті «Мағжан жұлдызы»
газетінің оқырмандары!**

**Сіздерге 2026 жылдың екінші
жартыжылдығына жазылу
науканы жүріп жатқанын
хабарлаймыз.**

**Газетке аудандық пошта және
газет редакциясында жазылуға
болатынын еске саламыз.**

**Газетке жарты жылға жазылу
бағасы:**
жеке тұлғалар үшін - 2185
теңге,
заңды тұлғалар үшін - 3372
теңге.

Анықтама телефоны:
пошта - 2-17-80,
редакция - 2-21-35.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ



М. ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ
СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ИНСТИТУТЫ
«ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» КАФЕДРАСЫ

КӨРНЕКТІ АҚЫН, ҰЛТ ЗИЯЛЫСЫ

М.ЖҰМАБАЕВТЫҢ

ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН

«МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ: ТҰЛҒА, ӘДЕБИ ҮРДІС ЖӘНЕ ТІЛТАНЫМ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

19

2026 ЖЫЛҒЫ
МАУСЫМ

- КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
ЖҰМЫС ТІЛДЕРІ:**
қазақ, орыс, түрік, башқұрт
- ӨТЕТІН ТҮРІ:**
ОФЛАЙН, ОНЛАЙН
(конференцияға тіркеу
сағат 10.00-де басталады)
- ӨТЕТІН УАҚЫТЫ:**
сағат 09:00-де
- ӨТЕТІН ОРНЫ:**
Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қ.,
М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті,
Абай көшесі 18, 1 оқу ғимараты 115 аудитория



ПЕТРОПАВЛ, 2026



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ
ХАБАРЛАЙДЫ

**2012 ЖЫЛҒЫ ҰЛГІДЕГІ 2 000 ТЕҢГЕ БАНКНОТТАРДЫҢ
ЖҮРУІ 2026 ЖЫЛҒЫ 24 МАУСЫМДА АЯҚТАЛАДЫ**

X

→

✓

**БАНКТЕРМЕН -
2029 ЖЫЛҒЫ 24 МАУСЫМҒА ДЕЙІН,
ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ ФИЛИАЛДАРЫМЕН –
МЕРЗІМСІЗ
ҚАБЫЛДАНАДЫ ЖӘНЕ АЙЫРБАСТАЛАДЫ**

www.nationalbank.kz

**МАНСАП
ОРТАЛЫҒЫ**
КАРЬЕРНЫҢ ЦЕНТР

1 реттік өтінім қабылдау басталды

Жаңа бизнес-идеяларды
іске асыруға арналған
гранттар алу үшін!



**2026 ж.
24 маусымнан
8 шілдеге дейін**



Грант мөлшері:

400 АЕК
1 730 000 тг

Өтінім беру тәртібі:

- 1 Business.enbek.kz порталында тіркелу;
- 2 Талаптарға сәйкестігін тексеру;
- 3 Бизнес-жоспардың үлгісін жүктеп алып, оны толтырып, порталға жүктеу;
- 4 Өтінім нысанын толтыру;
- 5 Өтінімге ЭЦҚ көмегімен қол қою;

Толық ақпарат: business.enbek.kz

**Барлық сұрақтар бойынша М. Жұмабаев
ауданының Мансап орталығына хабарласыңыз:**

📍 Булаев қ., Мира к-сі, 8А 📞 2-81-54, 8-771-105-53-30

<p>Директор – бас редактор Нәли ГОНЧАР</p> <p>Газеттің мәтіндік нөсі: «Галета «Общество» ЖШС</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев каласы, Батыр Баев көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басылым индексі 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады. Жазылу индексі – 65360</p>	<p>«Magjan juldzy» газеті редакцияда терізіп беттеледі. «Северный Казахстан» баспаханасында басылады. (Петропавл қ., Кошуков к-сі, 5 үй). Таралымы - 600</p>
--	---	--	--

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қоғамдастар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің міншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.